

**«НҰР ОТАН» ХАЛЫҚТЫҚ
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
ПАРТИЯСЫ**

**ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС
ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ**



**НАРОДНО -
ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ
ПАРТИЯ «НУР ОТАН»**

**РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ
ПО БОРЬБЕ С КОРРУПЦИЕЙ**

010000, Астана, қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12/1,
т.: (8-717-2) 55-55-61, т/ф.: (8-717-2) 70-76-33
E-mail: office@otan.kz, Web: www.otan.kz

010000, г. Астана, ул. Д.Кунаева, 12/1.,
т.: (8-717-2) 55-55-61, т/ф.: (8-717-2) 70-76-33
E-mail: office@otan.kz, Web: www.otan.kz

“ ” _____ 2011 ж.

№ _____

“ ” _____ 2011 г.

**«Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес
жөніндегі республикалық қоғамдық кеңесінің
№ 22-1**

ҚАУЛЫСЫ

*Сот әділдігіне азаматтар мен заңды
тұлғалардың қол жетімдігін іске асыруды
нормативтік-құқықтық және
ұйымдастырушылық қамтамасыз ету туралы*

Сот органдары қызметін сырттан бағалау жөніндегі қоғамдық бақылаушы комиссиясының ақпаратын қарап, «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңесі Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан сот реформасының мақсаты сот әділдігіне еркін қол жетімдікті қамтамасыз ету болып табылатын атап өтті. Сот әділдігі конституциялық жүйенің ерекше атрибуты, оның негізінде өкімет билігінің бөлінісі жатыр. Қазақстандағы саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер жылдары мемлекеттің сот саласында биліктің дербес сот тарамдарының қалыптасуын куәландыратын түбегейлі өзгерістер болды. Республикада сот билігі нақтылынды, қазақстандық мемлекетті дамытудың басты шарты болып табылады және Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтардың, ұйымдардың құқықтарын, еркіндіктерін және заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияны, Заңдарды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, халықаралық шарттарды орындауын қамтамасыз етуді білдіреді. Сот билігі барлық істерге және дауларға таратылады, соттар қабылдаған шешімдер, үкімдер және басқа да қаулылар Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күшке ие. Судьялар сотты жүргізу кезінде тәуелсіз болып табылады және Конституцияға және заңдарға ғана бағынады. Сот әділдігінің принциптері

Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленген және барлық соттар мен судьяларға жалпы және бірыңғай болып табылады.

Сот әділдігіне қол жетімдік бірінші кезекте сот мекемелерінің ритмді, үздіксіз жұмысымен қамтамасыз етіледі. Бұл істе судьялар жүктемесінің рөлі маңызды, бұл көрсеткіш 2011 жылы да жоғары болып отыр. Барлық істер бойынша судьялардың республикалық орташа жүктемесі айына 31 істі құрады. Кейбір соттарда жүктеме айтарлықтай жоғары. Азаматтардың соттарға деген сенімі артуда және өз құқықтарын қорғау үшін жиі өтініш білдіретін болды. Бірақ, аймақтарына байланысты судьялардың жоғары және әркелкі жүктемесі негізсіз құқықтық шектеулермен түсіндіріледі. Мысалы, заңнамада уақытша болмаған судьяны ауыстыру қарастырылмаған, дауларды сотқа дейін реттеу практикасы кеңінен қолданылмайды, «атқарушы жазба» институтын қолдануды реттейтін заңдардың қағидалары өз күштерін жоғалтқан. Ү.ж. қаңтар айында қабылданған Медиация туралы заң толық қанды жұмыс істеп жатқан жоқ. Сонымен қатар, аралық және төрелік соттардың дауларды қарау практикасы кеңінен таралмаған жоқ. Кәсіпкерлер әлемдік практикада кең қолданысқа енген дауларды реттейтін осы тәсілді қолданбайды.

Заңмен кепілдендірілген сот әділдігіне қол жетімдік принципі бірінші кезекте әр азаматтың сотқа өзінің бұзылған құқықтарын қорғау үшін талап ету өтінішпен немесе арызымен сотқа келуін білдіреді.

Сонымен қатар, заңнамада талап ету өтініштерінің мазмұны мен формасына қойылатын талаптар белгіленген, бұл азаматтардың білікті заң көмегіне өтініш жасауын білдіреді.

Қазіргі таңда білікті заң көмегін алу қарастырылған конституциялық кепілдіктер толық қанды іске асырылмайды, азаматтардың көпшілігі өз құқықтарын жеке қорғайды. Астана қаласы бойынша 2011 жылдың I жарты жылдығы бойынша 11447 аяқталған азаматтар істерінің адвокаттардың қатысуымен барлығы 99 іс қана қаралған. Заңнамалық деңгейде халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктеріне, мүгедектерге азаматтық істер бойынша көмек көрсету тәртібі реттелмеген. Қазақстан судьялар одағының деректері бойынша еліміздің үш ауданында тұрақты жұмыс істейтін адвокаттар жоқ (Шығыс Қазақстан облысы – бұрынғы Марқакөл ауданы, Қостанай облысы – Қамысты және Наурызым аудандары). Аталған аудандардың азаматтары білікті заңды көмекті алу және қорғану құқығынан айырылған.

Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың сот әділдігіне қол жетімдігі Интернет мүмкіндіктерін қолдануы арқылы елеулі кеңейуде. 2010 жылдан бастап талап ету өтінішін электронды құжат формасында беруге рұқсат етілген. Электронды сот әділдігі туралы заң жылдың басынан күшіне енгенімен практикада қолданылмайды.

Соттар қызметінің ақпараттық қамтамасыз етілуі сот әділдігіне қол жетімдіктің маңызды элементі болып табылады. Соттар қызметі бойынша ақпараттың ашықтығы және қол жетімдігі сот әділдігінің кепілі болып табылады. Жоғарғы соттың веб-сайтында сот актілерінің банкі бар, алайда, Интернет-ресурста сот актілерін жариялау сайтта орналастырылатын

шешімдерді іріктеуге құқылы редакциялық алқа мен тиісті комиссиялардың рұқсаты арқылы ғана жүзеге асырылады. Сот актілерін, әсіресе, Жоғарғы соттың актілерін іріктеп, жариялау азаматтардың ақпаратты алу құқығына шек қояды. Өздерінің сот актілерін жария етуге сотты міндеттейтін заңнамалық норманы белгілеу, осы олқылыққа жол бермейтін болар еді.

Сот ғимараттарына баруға қатаң шек қойылған және ҚР Жоғарғы сот төрағасының 2006 жылғы 2 маусымдағы № 126 құжатымен бекітілген республика соттарының ғимаратына азаматтардың болу ережесімен реттеледі. Сот ғимараттарына баруға іске қатысатын тараптарға да шек қойылған. Сондай-ақ, әділет органдарына тиісті мемлекеттік тіркеуден өтпеген Ережелерде азаматтардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі белгіленеді.

Сонымен қатар, техникалық іс-шаралардың орындалуына байланысты соттардың өтініштерді қабылдау фактілері орын алып отыр, бұл азаматтардың сотпен қорғалатын конституциялық құқығына шек қояды. Соттарда әр жылдың 15 желтоқсаны мен 15 қаңтар аралығында жылдық есепті дайындауға байланысты азаматтардың талап ету өтініштерін қабылдау практикаға айналып отыр.

Сот әділдігіне қол жетімдік әр азаматтың оның құқықтары мен еркіндіктеріне қатысты сот тексеруіне жүгінуге құқылы екендігін білдіреді. Алайда, азаматтардың бұл құқықтары істің тыңдалу күні туралы хабар беру жүйесінің жетілдірілмеуімен байланысты жиі бұзылады, бұл әділетсіз шешімді қабылдауға әкеп соқтырады. АПК 129-бабында процеске қатысатын тұлғаларға сот хабарламалары мен шақырулар тарату тәртібі нақты реттелмеген. Электронды пошта немесе SMS-хабарлама арқылы қазіргі заманғы хабардар ету әдістері қолданылмайды. Осыған байланысты прокуратура деректері бойынша тараптарға тиісті хабар берілмей шешім қабылдау жағдайы орын алып отыр, бұл сот әділдігіне қол жетімдікке шек қою болып табылады.

Қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды іске асыруда тұтқынға алу - бұлтартпау шарасын таңдау алаңдаушылық тудырып отыр. Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары бойынша өкілетті тұлғаның пікірінше тұтқынға алуға санкция беру туралы мәселе сотта қаралған кезде бұл жағдайда айыптау жағы басым болып тұрады, соттар істің жағдайын, іске тартылған тұлғаны ескермейді және баламалы бұлтартпау шаралары қолданбайды. Тұтқында ұзақ уақыт ұстау фактілері бар. Кейбір судьялар азаматтардың құқықтарын сот қорғауының басымды принципі ретінде қабылдауға психологиялық дайын емес екені белгілі болып отыр. Бұл қорытындылар статистикамен расталды. Мысалы, 2010 жылы соттар тұтқынға алу бұлтартпау шарасын қолдану туралы қылмыстық қуалау органдары өтінімдерінің 96% қанағаттандырды, 4% - қабылданбады, яғни соттар қылмыстық қуалау органдарының ұсынысын толығымен қанағаттандырады.

Апелляциялық инстанциялардың қызметтерінде олқылықтар бар. Мысалы, Алматы қаласында азаматтық істер бойынша апелляциялық

инстанцияларды өткізетін күні 30-дан 60-қа дейін шағым арыздар бен наразылықтар қаралады.

Қаралатын істер санының көп болуынан маңызды процессуалды инстанция формалды рәсімге айналған.

Сот органдарына артатын халық сенімінің басты шарты олардың шын мәніндегі тәуелсіздігі болып табылады. Бірақ, соттар қызметін ұйымдастыруда жоғары инстанциядағы соттар мен судьялар өкілдерінің тарапынан болатын қысымнан нақты азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша шешім қабылдау кезінде олардың тәуелсіздігіне кепіл берілмейді. Істер бойынша судьялардың ұстанымын сот өкілдерімен, сондай-ақ апелляциялық және кассациялық инстанция басшылықтарымен жасырын «келісу» практикасы сот қызметінде өзінің орнықты орынын алып отыр.

Бұл Конституциялық Заңның 39-бабында соттар мен судьялар алқасы өкілдерінің сотты әділ сапалы жүргізу жауапкершілігі үшін ғана емес, сонымен қатар, лауазымдық міндеттерін тиісті орындамағаны үшін де жауапкершілікке тартылатыны қарастырылған. Бұл лауазымды тұлғаларды соттармен жүктелетін сот кесімдері мен шешімдерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге міндеттейді.

Жоғарғы соттың 2011 жылғы 5 шілдедегі № 143 құжатымен бекітілген жергілікті соттар қызметінің тиімділігіне баға беру жүйесінің әдістемесі, сондай-ақ сот төрағасының судьяларға қатысты тәртіптік өндірісті қозғау мүмкіндігіне сот корпусы көзқарасы оң емес және бұл тәуелсіздік принциптерінің бұзылуымен байланысты. Сот төрағалары сотты әділ жүргізудің орынына өздеріне тән емес қызметтермен айналысып, әкімгерлерге айналды.

Сот әділдігіне қол жетімдіктің маңызды шарты өздерінің құқықтарын қорғау бойынша сотқа өтініш бергендердің экономикалық шектеулерін алып тастау болып табылады. Қаржылық шектеулерді белгілеу, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне жоғары баж түрінде шағым жасау лауазымды тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттеріне еркін сот шағымдарын жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың есебімен, «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сот органдары қызметін сырттан бағалау жөніндегі қоғамдық бақылаушы комиссиясының сот әділдігіне азаматтардың және заңды тұлғалардың қол жетімдігін іске асыруды нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Заңды құқықтарын және мүдделерін қорғау бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың сот әділдігіне қол жетімдігі туралы Қазақстан Республикасы заңнамалары талаптарының сақталатыны мойындалсын. Сонымен қатар, ұйымдастырушылық-құқықтық кемшіліктер мен олқылықтар бар, оларды жою сот практикасын және сот әділдігіне халықтың қол жетімдігін ұйымдастыруды жақсартады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылсын:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығын іске асыру мақсатында азаматтық және әкімшілік істер бойынша халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің құқықтарын тегін негізде қорғау үшін мемлекеттік бюджет қаражатынан қаржыландырылатын адвокаттардың құрылымдық бөлімшесін құру мүмкіндігі туралы мәселені қарау;

2) «Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы № 1247 қаулысында белгіленген білікті заң көмегін көрсету тарифтерін көбейту;

3) «Салықтар және бюджеттегі басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) лауазымды тұлғалардың, оның ішінде қазыналық органдардың заңсыз іс-әрекеттеріне шағым жасау бойынша мемлекеттік баждарына тарифтерді төмендету бөлігіндегі қағидаларын қайта қарау;

4) заңнамалық бастама шеңберінде жекелеген санаттағы дауларды қараудың сотқа дейінгі процедурасын қалпына келтіру мүмкіндігін және «атқарушы жазба» институтын қарау;

5) электронды форматта құқықтар мен мүдделерді қорғау үшін сотқа өтініш білдіру бойынша «Электронды үкіметті» дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулары енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының және «Медиация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қағидаларын насихаттық, ұйымдастыру-практикалық іске асыруды жандандыру.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот кеңесіне қаралатын істердің (судьялар жүктемесі) көлеміне байланысты сотты әділ жүргізу бойынша міндеттерді орындау үшін судьяларды іссапармен жіберу, уақытша болмағандарды ауыстыру және уақытша алмастыруды құқықтық регламенттеуді белгілейтін мүмкіндікті қарау ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына және төменде көрсетілген соттарға ұсынылсын:

1) сот корпусында жемқорлық көріністерінің алдын алу және оларды жою бойынша жүйелі шараларды әзірлеу бойынша ұйымдастыру-практикалық және талдау қызметін жандандыру;

2) тиісті аймақта сотты әділ жүргізудің жағдайы туралы мемлекеттік органдардың немесе халықтың мерзімді ақпаратын (жыл сайын) қарау;

3) сотты әділ жүргізудің жағдайы және жүргізіліп жатқан жемқорлыққа қарсы шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты жариялауды (ай сайын) енгізу;

4) апелляциялық инстанциялардың қызметтерін формализм фактілерін алып тастау арқылы ұйымдастыруды зерделеу;

5) Қазақстан Республикасының адам құқықтары бойынша уәкілетті тұлғасының ұсыныстарын ескере отырып, айыпталушыны тұтқында ұстау соттық санкциялау практикасын жан-жақты зерттеу;

6) сотты әділ жүргізуде судьяларға жасалатын әкімшілік қысымды жою мақсатында Жоғарғы сот төрағасының 2011 жылғы 5 шілдедегі № 143 өкімімен бекітілген Жергілікті соттар қызметінің тиімділігіне баға беру жүйесі әдістемесінің қағидаларын қайта қарау;

7) азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерді қарау бойынша тараптарды қазіргі заманның құралдары арқылы хабарлауды кеңінен қолдану, сондай-ақ есептерді өткізу кезеңінде азаматтардың өтініштерін негізсіз қабылдамау фактілерін жою бойынша төмен тұрған соттарға ұсыныстар әзірлеу;

9) Жоғарғы сот төрағасының 2009 жылғы 15 сәуірдегі № 78 өкімімен бекітілген Жоғарғы соттың интернет-ресурсын толықтыру және сүйемелдеу ережесіне Интернет-ресурстарда тыйым салынбаған актілерді орналастыру бойынша тиісті комиссиялар мен алқалардың құзіретін алып тастауға байланысты өзгеріс енгізу. Сот актілері деректер базасына қол жетімдігіне талдау жүргізу, веб-сайтта іздеу әдістемесін орналастыру;

10) азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін регламенттейтін актілерді Нормативтік-құқықтық актілерді басу туралы Заңға сәйкестендіру.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Шығыс Қазақстан облысында – бұрынғы Марқакөл ауданы, Қостанай облысында – Қамысты және Наурызым аудандары адвокаттарының қызметі үшін жағдай жасау ұсынылсын.

7. «Атамекен Одағы» Қазақстанның ұлттық экономикалық палатасына Әділет министрлігімен бірлесе аралық және төрелік соттардың кеңінен қолданылуына шек қоятын қызметті регламенттейтін заңнамаларға талдау жасау және шек қоюды жоюға ұсыныстар жасалсын.

Төрелік және аралық соттарда кәсіпкерлердің келісім шарттардағы міндеттемелерін орындау бойынша дауларын шешу практикасын енгізу бойынша кәсіпкерлер арасында насихат жұмыстары жүргізілсін.

8. «Нұр Отан» ХДП мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнамалық және соттық-құқықтық реформа жөніндегі комитетінің төрағасы Р.Ж. Мұқашев «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңесінің жанындағы Сот органдары қызметін сырттан бағалау жөніндегі қоғамдық бақылаушы комиссиясы мүшелерінің сотты әділ жүргізуді регламенттейтін заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс тобының құрамына енгізу ұсынылсын.

10. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе мемлекеттік тіркеу қажеттігін қарау және келесі құқықтық актілерге құқықтық баға беру ұсынылсын:


- Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот төрағасының 2006 жылғы 22 маусымдағы № 126 өкімімен бекітілген Республика соттарының ғимараттарына (орын-жайларына) азаматтардың болу ережесі;

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты аппараты басшысының 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 216 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ғимаратында болу ережесі.

11. Қараудың нәтижесі туралы ұсыныстарға мекен-жайлары енгізілген мемлекеттік органдарды «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңеске хабарлауыңызды сұраймыз.

12. «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес отырысының материалдарын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне мәлімет үшін жіберілсін.

Төраға



О. Әбдікәрімов